

«ӘЛЕМНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП 10 КІТАПХАНАСЫ»

Орындаған: Зият Айша.
Тобы: Деф 15-5

Швейцариядағы Сен-Галль аббаттығының кітапханасы



Ортағасырлық кітаптарға ең бай кітапхана. 2005 жылы жүргізілген санақ бойынша мұнда 160000 кітап бар. Оның 2100-і қолжазба. Мұндағы төрт жүзге жуық кітаптардың жазылғанына мың жылдан көп болған.

Дублиннің Тринити-колледжінің кітапханасы



**Ирландиядағы
ең үлкен
ғылыми
кітапхана.
Мұнда 5000000
кітап бар,
соның ішінде
манускрипт,
карта және
ноталарда
қамтылған.**

Прага қаласында орналасқан Страговск монастырінің кітапханасы.



Монастырьдің негізі 1149-жылы қаланған. Мұндағы ең көне кітаптар XII ғасырға жатқызылады. Бүгінгі күні кітапхана мұрағатында 130000 кітап, 1500 мерзімді баспасөз, 2500 қолжазба және бірнеше мың графикалық жазбалар сақталған.

Джей Уокер — америкалық ойлаптапқыш әрі кәсіпкер.



Priceline.com сайтының негізін салушы. Оның Риджфилдегі үйі адамзат тарихындағы ең үлкен көпдеңгейлі лабиринт тәрізді құрылған кітапхана. Онда 50000 кітап және музейлік деңгейдегі артефакттар бар.

Йель университетінің сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар кітапханасы.



Оның негізі 1963-жылы қаланған. Бұл сирек кітаптар мен манускриптерді сақтауға арналған әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұнда бүгінде 11 миллион кітап бар, соның ішінде Гутенберг Библиясының 48 данасы сақталған.

Сиэтл кітапханасы



АҚШ-тың солтүстік-шығысындағы Сиэтл қаласының орталығында орналасқан. Бұл әйнек пен болаттан жасалған әсем ғимараттың негізі 2004-жылы тұрғызылған. Мұнда 1,45 миллион кітап сыйады.

Гейзель атындағы кітапхана.



Сан-Диегодағы Калифорния университетінің басты кітапханалық ғимараты. Кітапхана сегіз қабаттан тұрады, биіктігі 33,5 м. Аты атақты америкалық балалар жазушысы әрі мультипликатор Теодор Сьюз Гейзельдің құрметіне қойылған.

Голландиядағы Делфт технологиялық университетінің кітапханасы.



Ол 1997-жылы Месапоо архитектуралық студиясының жобасы бойынша салынған. Бұл кітапхана шатыры үлкен конуспен аяқталатын ерекше үлгідегі әлемдегі бірден-бір ғимарат.

Хосе Васконселос атындағы кітапхана.




Мексиканың астанасы Мехиконың орталығында орналасқан бұл кітапхана 2006-жылы ашылған. Кітапхана 1922-1924 жылдары Мексиканың білім министрі болған жазушы әрі пәлсапашы, мемлекет қайраткері Хосе Васконселостың есімімен аталады. Ол XX ғасырда Латын Америка философиясының дамуына зор үлесін қосқан тұлға.

Британ музейінің оқырман залы — Ұлыбританиядағы ең үлкен кітапхана.



1997-жылға дейін кітапханаға кәсіби зерттеушілерге ғана кіруге рұқсат етілетін. Мұнда әр кездері Карл Маркс, В.И.Ленин, Махмат Ганди, Дж.Б. Шоу, Герберт Уэллс зерттеу жұмыстарымен айналысқан. 2000-жылдан бастап кітапхана есігі көпшілікке ашық.



Назарларыңызға
рахмет!!!

